

ҚАЗАҚСТАН
РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ПРЕМЬЕР-МИНИСТРІ



ПРЕМЬЕР-МИНИСТР
РЕСПУБЛИКИ
КАЗАХСТАН

010000, Астана қаласы, Үкімет үйі

010000, город Астана, Дом Правительства

№ _____

Қазақстан Республикасы
Парламенті Мәжілісінің
депутаттарына

2023 жылғы 27 сәуірдегі № ДС-109

Құрметті депутаттар!

«Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы (*бұдан әрі – Мемлекеттік корпорация*) қызметкерлерінің жалақысын көтеруге және мәртебесін айқындауға қатысты сауалды қарап, мынаны хабарлаймыз.

Мемлекеттік корпорация қызметкерлерінің жалақысы деңгейін арттыруға қатысты

2022 жылы қаңтар-шілде айлары аралығында қызметкерлердің жалақысын кезең-кезеңімен 50%-ға арттыру жүзеге асырылды. Орталық аппарат қызметшілері мен филиал басшыларын қоспағанда, еңбекақы төлеу қорының ұлғаюы филиалдардың 21 мыңнан астам қызметкерін қамтыды.

Мемлекеттік корпорацияның қатардағы қызметкерлерінің орташа жалақысының мөлшері республика бойынша орташа мәннен төмен екенін ескере отырып, жалақыны тағы 50%-ға арттыру мәселесіне республикалық бюджет нақтыланған кезде оралу жоспарлануда.

Сонымен қатар Мемлекеттік корпорация қызметкерлерінің санын өз қалауы бойынша жұмыстан шыққан, зейнеткерлік жасқа жеткен, еңбек шарты аяқталған, сондай-ақ еңбек шарттарын бұзуға әкеп соққан теріс әрекеттер жасаған қызметкерлердің бос орындары арқылы оңтайландыру жоспарлануда.

Бұл ретте цифрландыру және проактивті форматқа көшу есебінен көрсетілетін қызметтер санының жыл сайын төмендеп келе жатқанын ескерсек, олардың санын оңтайландыру өндірістік процесстерді орындауға кедергі келтірмейді.

Мемлекеттік корпорация қызметкерлерінің мәртебесін айқындауға қатысты

Парламент Мәжілісінің депутаттары бастама жасаған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне Мемлекеттік корпорация мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заң жобасы

шеңберінде Мемлекеттік корпорация қызметкерлерінің мәртебесі мен жауапкершілігін арттыру жөніндегі түзетулер қолдау тапты, бұл түзетулерде оларды мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген тұлғаларға теңестіру көзделген.

Бұл ретте мемлекеттік бюджетке түсетін жүктеме ұлғайып кететіндіктен Мемлекеттік корпорация қызметкерлеріне мемлекеттік (жергілікті) тұрғын үй қорынан тұрғын үй алуға кезекке тұру, тұрғын үйді жалға алғаны үшін шығыстарды өтеу құқықтарын беру бөлігіндегі түзетулер, сондай-ақ өзге де жеңілдіктер қолдау таппады.

Жалпы бұл бағыттағы жұмыс Үкіметтің бақылауында тұр.

Ә. Смайылов